

«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалаушылар палатасының Жалпы жиналысымен  
2018 жылғы 30 маусымдағы №1 хаттамасы  
(2018 жылғы 13 шілдеден қолданысқа енгізіледі)

**«Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы»  
бағалаушылар Палатасының  
Тексеру комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142-ІІ Заңына, "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы №133-VI Қазақстан Республикасы Заңына және «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалау Палатасы Жарғысына сәйкес әзірленіп, «Өзін-өзі реттейтін Қазақстан бағалаушылар қауымдастығының ұйымы» бағалау Палатасы (бұдан былай «Палата») Тексеру комиссиясының мәртебесін, қызметін және өкілеттігін, оны таңдау мен өкілеттігін мерзімге дейін қысқарту тәртібін, сондай-ақ Палатаны басқарудың өзге де органдарымен және Палатаның мамандандырылған жұмыс құрылымдық органдарымен өзара әрекет ету тәртібін анықтайды.

**1. Тексеру комиссиясы мәртебесі, сайлануы және құзырету**

1.1. Тексеру комиссиясы Палатаның, Палата органдары мен лауазымдық тұлғаларының қаржылық және шаруашылық қызметіне ағымдағы және болашақ бақылауын жүзеге асыратын бақылау органы болып табылады.

1.2. Өз қызметінде Тексеру комиссиясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Палата Жарғысын, осы Ережені және Палатаның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

1.3. 3 (үш) мүшеден тұратын Тексеру комиссиясы Палатаның атқарушы органы немесе Палата президиумының ұсынымы бойынша сайланады. Тексеру комиссиясы мүшелері бір жылға сайланып, кезекті мерзімге талай рет сайлануы мүмкін.

1.4. Тексеру комиссиясы мүшелері болып Палата басқару директоры мен төрағасынан басқа, Палата президиумы мүшелері және оларға қатысты үлестес тұлғалар сайлануы мүмкін.

1.5. Тексеру комиссиясы өз қызметінің нәтижелері бойынша Жалпы жиналыс алдында есеп береді. Тексеріс нәтижелері танысуға Палатаның барлық мүшелеріне ашық.

1.6. Тексеру комиссиясы өкілеттілігі Жалпы жиналыс немесе Палата президиумының шешімі бойынша мерзімге дейін тоқтатылуы мүмкін.

1.7. Тексеру комиссиясы Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметін, материалдық құндылықтар қалпы мен есебін бақылап, келесі жағдайларда Палата мен органдарының тексерісін жүзеге асырады:

- 1.7.1. қаржылық жыл аяқталған бойы жоспарлық тәртіпте жылдық Жалпы жиналысты өткізу кезіне және есеп-беру сайлау Жалпы жиналысын өткізу кезіне;
- 1.7.2. Палата директоры жұмыстан босатылған жағдайда;
- 1.7.3. үштен бір бөлігінен кем емес Палата мүшелерінің талабы бойынша;
- 1.7.4. Палата Жалпы жиналысының шешімі бойынша;
- 1.7.5. Палата Президиумының шешімі бойынша.
- 1.8. Тексеру комиссиясы келесі негізгі бағыттар бойынша Палата және органдарының қызметін тексеруін жүзеге асырады:
  - 1.8.1. бюджет орындалуын тексеру (қаржылық жоспар);
  - 1.8.2. Палатаның мақсаттылы қаражаты мен арнайы қорларын пайдаланылуын тексеру;
  - 1.8.3. Палатаның материалдық құндылықтары мен мүлкін пайдаланылуын тексеру;
  - 1.8.4. мүшелік және кіру жарналарын төлеу бойынша жеңілдіктерді ұсыну дұрыстығын тексеру;
- 1.9. бухгалтерлік (қаржылық) есепті (балансты) растау және тексеру;
- 1.9. Палата Президиумының төрағасы, Палата директоры, сондай-ақ Палатаның штаттық жұмыскерлері мен Палатаның мамандандырылған жұмыс құрылымдық органдары Тексеру комиссиясына тексеріс жүргізу үшін барлық қажетті құжаттар мен материалдарды ұсынуға міндетті.
- 1.10. Тексеру комиссиясы Палата мүшелерінен оның басқарушылық органдарының қызметі бойынша өтініштер мен ұсыныстарды қабылдап, барлық ескертулерді Жалпы жиналысқа немесе Палата Президиумына жіберуге міндетті.
- 1.11. Барлық көрсетілген бағыттар бойынша тексеріс нәтижелері Тексеру комиссиясы есебінде көрсетілуі тиіс.
- 1.12. Тексеру комиссиясы тексеріс жүргізу барысында белгілі болған Палатаның қызметі туралы құпия ақпараттарды жария еткені үшін Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## **2. Тексеру комиссиясы құқықтары мен міндеттері**

- 2.1. Тексеру комиссиясы құқылы:
  - 2.1.1. Палатаның басқару органдарының лауазымдық тұлғаларынан, Палата қызметкерлерінен Палатаның қаржылық және шаруашылық қызметіне тексеріс өткізуге қажетті құжаттар мен материалдарды сұрауға;
  - 2.1.2. Палата Президиумы төрағасының шақыруы бойынша Президиум отырыстарына қатысуға;
  - 2.1.3. Палатаның барлық қызметтік үй-жайларына кедергісіз кіруге;
  - 2.1.4. тексеріс барысында құжаттар қолдан жасалғаны, жалған жасалуы немесе өзге де теріс пайдаланулар анықталса құжаттар мен көшірмелерін істерден алу туралы актіні құрастырып, істерден жеке құжаттарды алуға;
  - 2.1.5. Палатаның басқару органдарының лауазымдық тұлғаларынан, Палатаның мамандандырылған жұмыс құрылымдық органдары басшыларынан тексеріс барысында туындаған мәселелер бойынша жазбаша түрде түсініктемелерді талап етуге;

2.1.6. Палатаның басқару органдарының лауазымдық тұлғаларына, Палатаның мамандандырылған жұмыс құрылымдық органдары басшыларына анықталған бұзушылықтарға байланысты мүлтіксіз шараларды қолдану туралы талап ету, егер осындай шаралар қолданбауы құндылықтар, құжаттар жойылуына әкеп соғуы немесе әрі қарай теріс пайдалануға ықпал етуі мүмкін болса ;

2.1.7. Палата Президиумынан Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Палата жарғысымен, осы Ережемен және Палатаның өзге де ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Палата мүшелерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын, Палата Президиумы отырысын шақыруды талап етуге;

2.1.8. Палатаның басқару органдарына бұзушылықтардың алдын алу және уақытылы жолын кесу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізуге;

2.1.9. Тексеру комиссиясы палата бүкіл мүлкінің тексерісі мен түгендеуін, жыл ішінде орындалған жұмыстар мен қызмет көрсетулер мен Палатаның тиісті шығындары тексерісін жүргізуге құқылы. Директор Тексеру комиссиясына қажетті көмек көрсетуі тиіс.

2.1.10. Палатаның басқару органдарының қарастыруына Палата мүшелеріне, Палата қызметкерлеріне Палатаның басқару органдарының лауазымдық тұлғаларын қоса, Палата жарғысын және ішкі құжаттарын бұзған жағдайда оларға қатысты тәртіптік және материалдық жауапкершілік қолданылу туралы мәселені енгізуге.

2.2. Тексеру комиссиясы міндетті:

2.2.1. Палатаның қаржылық және шаруашылық қызметі тексерісіне жеке қатысуға;

2.2.2. алынатын мәліметтер құпиялылық режимін сақтап, тексеріс жүргізу барысында белгілі болған ақпараттарды рұқсатынсыз жария етуге жол бермеуге;

2.2.3. Палатаның Жалпы жиналысына Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарлы және жоспарлы емес тексеріс нәтижелері, Президиум мүшелері және Палатаны басқару органдарының басқа да лауазымдық тұлғалары Қазақстан Республикасы заңнамасының, Палата жарғысы мен ішкі құжаттарының анықталған бұзушылық фактілері туралы баяндауға;

2.2.4. тексеріс барысында ашылған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жоюға және оларды жою бойынша ұсыныстардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға;

2.2.5. оған жүктелген міндеттерді адал жүзеге асырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Палата жарғысының, осы Ереженің және өзге де ішкі құжаттар талаптарын адал сақтауға.

2.3. Тексеру комиссиясы құқылы емес:

2.3.1. Палата қызметі туралы құпия ақпаратты және тексеріс барысында алынған құжаттар туралы мәліметтерді ашуға;

2.3.2. Палатаның атқарушылық органының қызметкерлері және/немесе мүшелері, сондай-ақ Палатаның бухгалтерлік, салық және өзге де есептемесін жүзеге асыратын тұлға немесе оларды үлестес тұлғасы болмауға;

2.3.3. Палатаның беделіне және қызметіне зиян келтіру мақсатымен өз жағдайын пайдалануға;

2.3.4. Палата Жарғысы мен осы Ереже талаптарына қайшы болатын қызметті жүзеге асыруға.

### **3. Тексеру комиссиясының өкілеттілік мерзімі**

3.1 Тексеру комиссиясы Палата Президиумының оны сайлау туралы шешімді қабылдау күнінен кейінгі күннен бастап өз өкілеттілігін жүзеге асырады.

3.2. Тексеру комиссиясының өкілеттілігі осы Ереженің 3.1 т. көрсетілген күннен, Палата Президиумы жаңа Тексеру комиссиясын сайлау туралы шешім қабылдаған күннен бастап, 1 (бір) жыл өткен соң тоқтатылады.

3.3. Тексеру комиссиясы өкілеттілігі оны жаңа мерзімге сайлаған кезде сақталады.

3.4. Тексеру комиссиясы өкілеттілігі Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы немесе Палата Президиумы шешімі бойынша келесі жағдайларда мерзімге дейін тоқтатылады:

3.4.1. міндеттерді орындаудың тәндік мүмкінсіздігінен (Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте өлім, хабар-ошарсыз танылған, әрекетке қабілетсіздігі);

3.4.2. Палата Президиумы қабылдаған өз еркімен шығу немесе белгіленген тәртіпте Палатадағы мүшеліктен айырылған;

3.4.3. өз міндеттерін өрескел бұзғанда немесе Палатаға зиян келтіруге бағытталған өзге кінәлі әрекеттерді жасағанда немесе Палатаға қолайсыз салдар әкеп соққанда (Палатаға маңызды құжаттар мен материалдарды жою, зақымдау немесе жалған жасау; Палата қызметі туралы құпия ақпаратты жария ету; Палата мүшелерін оның қызметі мәселелері бойынша әдейі шатастыру; Палата мүлкінің кез келген бөлігін жою, бүлдіру, өз мүддесінде иеліктен шығару және т.б.).

### **4. Тексерістерді жүргізу тәртібі**

4.1. Тексеру комиссиясы келесіні жүзеге асырады:

4.1.1. жоспарлы тексерістер;

4.1.2. жоспардан тыс тексерістер.

4.2. Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарлы тексерісі кезекті қаржылық жыл аяқталған бойы және Палатаның жылдық Жалпы жиналысын өткізу кезіне жүзеге асырылады.

4.3. Жоспарлы тексеріс кезінде Тексеру комиссиясы Палата Директорының және басқарудың басқа органдарының есептеріндегі деректер, Палата қызметінің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайылықты тексереді.

4.4. Палата қызметінің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы жоғарыда көрсетілген есептерде және басқа да қаржылық құжаттарда келіспеушілік анықталған жағдайда Тексеру комиссиясы Палатаның басқаруды тиісті органдарына анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным береді. Палата басқарудың органдары Тексеру комиссиясы ұсынымдарымен келіспеген жағдайда олар Палатаның Жалпы жиналысына жазбаша түсініктеме ұсынуы тиіс, соңғысы ұсынылған құжаттарға баға беру қажет.

4.5. Жоспарлы тексеріс өткізу нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы жүргізілген тексеріс туралы есеп әзірлеп, онда бухгалтерлік есеп жүргізу мен қаржылық есептемені ұсыну ережелері мен тәртібінің анықталған бұзушылықтары туралы ақпарат болуы қажет.

- 4.6. Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспардан тыс тексерісі кез келген уақытта жүзеге асырылуы мүмкін:
- 4.6.1. Палата Директоры жұмыстан босатылған жағдайда;
  - 4.6.2. үштен бір бөлігінен кем емес Палата мүшелерінің талабы бойынша;
  - 4.6.3. Палата Жалпы жиналысының шешімі бойынша;
  - 4.6.4. Палата Президиумының шешімі бойынша.
- 4.7. Жоспардан тыс тексеріс жасау туралы Палатаның Жалпы жиналысының немесе Палата Президиумының шешімі Тексеру комиссиясына жіберіледі. Шешім алынған кезден 5 (бес) жұмыс күнінен кеш емес Ревизор тексеріс жүргізуіне кірісуге тиіс.
- 4.8. Тексеріс бастамашылары - Палата мүшелері Тексеріс комиссиясына жазбаша талап жібереді. 4.6.2 б. ережелерін ескере отырып, талапқа тексеріс бастамашылары - Палата мүшелері қол қояды.
- 4.9. Палата мүшелері жоспардан тыс тексеріс жүргізу туралы талапты ұсыну күнінен 10 (он) жұмыс күні ішінде Тексеру комиссиясы Палаты қызметінің жоспардан тыс тексерісін жүргізу немесе оны өткізуден бас тарту туралы шешім қабылдауы қажет.
- 4.10. Жоспардан тыс тексеріс өткізуден бас тарту негізі оның ішінде болуы мүмкін:
- 4.10.1. уәкілетті емес органдарға жоспардан тыс тексеріс өткізу туралы тапсырма жолдау;
  - 4.10.2. осындай тексерісті өткізу қажеттілігінің ынталандырылған негізінде жоспардан тыс тексерісін өткізу туралы тапсырма болмауы.
- 4.11. Жоспардан тыс тексеріс өткізу немесе оны өткізуден бас тарту туралы Тексеру комиссиясының шешімі тексеріс бастамашылары оны қабылдау күнінен бастап, 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес жіберіледі.
- 4.12. Жоспардан тыс тексеріс өткізу нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы Өткізілген тексеріс туралы есеп әзірлеп, Палата Президиумына жібереді.

## **5. Қорытынды ереже**

- 5.1. Осы Ереже Палатаның Жалпы жиналысы бекіту күнінен күшіне еніп, белгісіз мерзімге күші бар.
- 5.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Палатаның Жалпы жиналысы шешімі негізінде жүзеге асырылады.
- 5.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ережені жаңа редакцияда қабылдау жолымен енгізіледі.